

АҚЫЛБЕК ЖҰРСІНҰЛЫ ТҰРМҰХАМБЕТОВ — 80 ЖАСТА



Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің физика факультетінің негізін қалаушылардың бірі, «Қарағанды университетінің хабаршысы. Физика сериясы» журналының алғашқы санынан бастап көп жылдар бойы редакция алқасының мүшесі болып қызмет еткен, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚарМУ-дің Құрметті профессоры және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Құрметті қызметкері Ақылбек Жұрсінұлы Тұрмұхамбетов сексеннің сеңгіріне аяқ басып отыр.

1946 жылдың 8 ақпанында Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Бөрлі ауылында дүниеге келген Ақылбек Жұрсінұлы жасынан-ақ білімге құштарлығымен ерекшеленді. Орта мектепті алтын медальмен тәмамдап, Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне түсіп, кейін аспирантураны да ойдағыдай аяқтады.

1973 жылдың ақпанында жаңадан ашылған Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетіне қызметке қабылданып, осы білім ордасында табанды еңбегімен танылды. 2004 жылдың қыркүйек айына дейін Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетінде абыройлы қызмет атқарып, ғылым мен білімнің дамуына өз үлесін қосты. Университетіміздің алғашқы ректоры Е.А. Бөкетов «Второй в республике» атты мақаласында (Букетов Е.А. Грани творчества. — Алма-Ата: Жазушы, 1977. — С. 75) өзінің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен көзге түскен жас маманды ерекше ілтипатпен атап өткен. А.Ж. Тұрмұхамбетов ҚарМУ-дің бай тарихында өзіндік із қалдырды. Әр жылдары теориялық физика, жылу физикасы, жалпы және теориялық физика кафедраларының меңгерушісі болды, факультет деканы қызметін ойдағыдай атқарды. Сол кезеңде Оқу министрлігінің тапсырмасы бойынша өткізілетін «Студент және ғылыми-техникалық даму» атты Бүкілодақтық олимпиаданы республикалық деңгейде ұйымдастырып, басқарды. Негізгі жұмыспен қатар қоғамдық жұмыспен де шұғылдануға тура келді: бірнеше жыл білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қарағанды облыстық комитетінде Тексеру комиссиясының төрағасы болды. 1980-81 жылдары Одақтық Білім және ғылым министрлігі алғашқылардың бірі ретінде Италияның Турин қаласындағы политехникалық институтке ғылыми іссапарға жіберді. Университетке сіңірген еңбегі еленіп, А.Ж. Тұрмұхамбетовке 2006 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

А.Ж. Тұрмұхамбетов 2004 жылы отбасылық жағдайға байланысты Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне ауысып, университет құрамындағы Жоғары оқу орындарының техникалық пәндер оқытушылары мен инженерлік кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі Республикалық орталықтың директоры қызметін атқарды. Сонымен қатар ол осы кезеңде жалпы және теориялық физика кафедрасының профессоры ретінде ғылыми-педагогикалық жұмысын жалғастырды. Бұл жылдары Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Ғылыми кеңесінің мүшесі болып сайланып, университеттің ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысына белсене атсалысты. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «01.04.14 — Жылу физикасы және теориялық жылу техникасы» мамандығы бойынша докторлық диссертациялар қорғалатын мамандандырылған кеңестің мүшесі ретінде жоғары ғылыми аттестация үдерісіне өз үлесін қосты.

2018 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің жылу физикасы және техникалық физика кафедрасына профессор лауазымына қабылданып, 2025 жылдың қыркүйегіне дейін осы қызметті атқарды. Бұл кезеңде қазақ және орыс тілдерінде бакалавриат пен магистратура студенттеріне физиканың жалпы және арнаулы пәндерінен дәріс оқып, ғылыми бағыттағы дипломдық жұмыстарға жетекшілік жасады.

150-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы: оның ішінде қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген 2 монография, 2 оқу құралы және 1 оқулық бар.

Жаңа білім стандартына сәйкес оқулық әзірлеудегі жемісті еңбегі үшін Жоғары оқу орындары қауымдастығы тарапынан А. Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалімен марапатталған. Сонымен бірге, оқу және ғылым министрлігі бекіткен, қазақ тілінде жазылған «Механика» оқулығы биыл толықтырылып, түзетіліп, үшінші басылымға дайындалды. Бұл басылымға қатысты «Зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі» алынған. Қазіргі оқу жылында «Механика» пәні бойынша республика көлемінде алғаш рет қазақ тілінде әзірленген бейнедәрістер мен бейнесемінарлар ЖАОК жүйесінде оқу үрдісіне енгізіліп, қолданылып келеді.

1974 жылы кандидаттық диссертация, ал 2002 жылы «Ығысқан ағыстардағы турбуленттік тасымалдаудың құрылымдық заңдылықтары» тақырыбында физика-математика ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғады. 2006 жылы А.Ж. Тұрмұхамбетовке Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитетінің шешімімен «Физика» мамандығы бойынша «Профессор» ғылыми атағы берілді. 1997 жылдан бері тұрақты түрде өтіп келе жатқан «Бейсызық жүйелердегі хаос пен құрылымдар. Теория және эксперимент» атты Халықаралық ғылыми конференцияны ұйымдастырушылардың бірі және сол кезден бастап Ұйымдастыру комитетінің тұрақты мүшесі.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі болып сайланды. Көп жылдар бойы Е.А. Бөкетов атындағы университетте шығып тұратын «Қарағанды университетінің хабаршысы. Физика сериясы» журналының редакция алқасының мүшесі ретінде тұрақты қызмет атқарды. Көп жылғы жемісті еңбек өзінің лайықты бағасын алды. Жоғары оқу орындары басшылығының алғыс хаттары мен грамоталарынан бөлек, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, сондай-ақ 2011–2014 оқу жылдарында Республикалық конкурста студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің дипломымен, «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік даму жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өмірлік серігі — Тұрмұхамбетова Елизавета Таиловна, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, қазіргі кезде зейнеткер. Екеуі 58 жыл бірге бір шаңырақта тату-тәтті өмір сүріп келеді, отбасында 3 баланы тәрбиелеп, оқытып, өсірді. Бүгінде немерелерінің қызығын көріп отырған бақытты ата-әже. Жоғары оқу жүйесіндегі кәсіби өтілі (стаж) жарты ғасырдан асқан Ақылбек Жүрсінұлының алдынан мыңдаған шәкірттер өтті, олардың арасынан білім беру саласының майталмандары мен білікті өндіріс мамандары, елімізге белгілі ғалымдар шықты. Ол алдына келген білім алушыларға ғана емес, сонымен қатар өз балаларына да қатаң талап қойып, дұрыс тәлім-тәрбие берді. Соның арқасында үлкен қызы соңғы жылдары Қарағанды және Астанадағы медицина университеттерінің ректоры лауазымында қызмет атқарса; екінші қыз баласы Нью-Йоркте (АҚШ) дүниежүзіне белгілі компанияның маңызды департаментінің басшысы; ал ұлы Алматыда беделді логистикалық компанияның бас директоры. Немерелерінің алды Бостонда (АҚШ), енді бірі Бордода (Франция), Астанада өз мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Сонымен қатар, 2024 жылы А.Ж. Тұрмұхамбетовке Білім және ғылым саласының мамандарын кеңінен насихаттау мақсатында өткен республикалық байқау нәтижесінде «Қазақстанның Құрметті профессоры» атағы берілді.

Қазақта «Сексеннен секіріп өт...» деген ақжарма тілек бар. Осы игі ниетпен мерейлі жасқа жетіп, биыл ғана толық зейнеткерлікке қадам басып отырған құрметті Ақылбек Жүрсінұлына ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, баянды бақыт тілейміз.

*Ізгі ниетпен,
физика-техникалық факультетінің ұжымы*